

Мортық ауылының көшелеріне атаулар беру туралы

Ақмола облысы Целиноград ауданы Новоишимка селолық округі әкімінің 2009 жылғы 27 шілдедегі № 1 шешімі. Ақмола облысы Целиноград ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 28 тамызда № 1-17-99 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4 тармақшасына сәйкес, 2009 жылдың 8 маусымындағы Мортық ауылының тұрғындар жиналыстарының хаттамасын есепке ала отырып, Новоишимка ауыл аймағының әкімі

ШЕШТІ:

1. Мортық ауылының көшелеріне атаулар беру:
№ 1 көшеге – Желтоқсан атауы,
№ 2 көшеге - Абай атауы,
№ 3 көшеге - Жамбыл атауы,
№ 4 көшеге - Абылай хан атауы.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Целиноград ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

округінің әкімі

Новоишимка ауылдық
О.К.Кишкенинов